

## **Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы N 182 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 ақпанда N 13-1-173 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 1926 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011.12.21 N 1926 Қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңы 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңының 20-бабына, 7-бабы 5) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдері бекітілсін, осы қаулының

1 қ о с ы м ш а с ы н а с ә й к е с .

2. Қоса берілген жұмыссыздардың еңбекақы төлемі мөлшерлері бекітілсін, осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес.

3. «Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды осы мақсатқа көзделген «Жұмыспен қамту бағдарламасы. Қоғамдық жұмыстар» 451-002-100 бағдарламасы бойынша қала бюджетінің қаражаты шегінде қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011.03.16 N 353 Қаулысымен**

3-1. Қоғамдық қызметкерлердің еңбекақы төлемі «2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 357-IV Заңына сәйкес ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармақ 3-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011.03.16 N 353 Қаулысымен**

3-2. Қоғамдық жұмыстардың шарттары 5 (бес) күн ұзақтығымен, екі демалыс күнімен (сенбі, жексенбі) жұмыс аптасы, сегіз сағаттық жұмыс күні, 1 (бір) сағат түскі үзіліс белгіленген, еңбек жағдайларын ескеріп жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында жасалған еңбек шартымен көзделген жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді түрлері қолданылады.

**Ескерту. 3-тармақ 3-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011.03.16 N 353 Қаулысымен**

4. «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Мишнев В.И.):

1) жұмыссыз азаматтарды уақытша қоғамдық жұмыстарға жіберуді қамтамасыз етсін, бекітілген тізбеге сәйкес;

2) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстар орындауға шарт жасасын.

5. «Петропавл қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қала әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы № 662 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімде тіркелген № 13-1-157, «Қызылжар нұры» және «Проспект СК» газеттерінде 2009 жылғы 17 тамызда жарияланған).

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ.Қ. Балтабаеваға** жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қаласының әкімі*

*Н. Әшімбетов*

Петропавл қаласы әкімдігінің  
2010 жылғы 19 ақпан № 182  
қаулысына 1-қосымша

### **Ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін қала кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбесі, олардың түрлері және көлемдері**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2011.09.14 N 1236 Қаулысымен**

№	Кәсіпорындар мен ұйымдардың атауы	Жұмыс орындары	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Жұмыс көлемі	Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы (ай)	Қаржыландыру көзі
			Қала аумағын жинауға көмек көрсету; аумақтарды көгалдандыру және	50400000 шаршы метр 63500 шаршы		Петропавл

1	«Коммунхоз» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	200 адам	абаттандыруға көмек көрсету; мұзды қалашықтарды тұрғызуда қосымша жұмыстарды орындауға көмек көрсету	метр 18000 дана мұз блогі	12	қаласының бюджеті
2	«Солтүстік Қазақстан облысының ЖИТС-пен күрес және алдын алу орталығы» мемлекеттік мекемесі	7 адам	Халықтың әлжуаз топтары қатарына алдын алу жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету (есірткі инъекцияларының тұтынушылар);	5000 адамды қамту мен дәрістер, әңгімелер өткізу барысында маманға көмек	12	Петропавл қаласының бюджеті
3	Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Облыстық наркологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	5 адам	Қаланың оқу орындарында есірткі инъекциялары мен алкогольді тұтынушы жастар арасында алдын алу жұмыстарына көмек көрсету	2880 адамды қамту мен дәрістер, әңгімелесулер өткізу барысында маманға көмек	12	Петропавл қаласының бюджеті
4	«Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Петропавл қаласының Ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	34 адам	Халыққа қызмет етудің сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында мәліметтер дерек қорын жасауға көмек көрсету; құқық бұзушылық фактілерінің алдын алу, анықтауға учаскелік инспекторларға көмек көрсету	3000 іс	12	Петропавл қаласының бюджеті
5	«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаменті» мемлекеттік мекемесі	6 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын жасауға көмектесу; салық төлеу бойынша хабарландыру тапсыру	44000 құжат 22600 хабарлама	12	Петропавл қаласының бюджеті
6	«Петропавл қаласы әкімінің	12 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға дайындау; ксерокөшірме жасауға, материалдарды жіберуге және жеткізуге көмек көрсету; қала аумағында	Құжаттардың жиі	12	Петропавл қаласының

	апараты» мемлекеттік мекемесі		халықпен қоғамдық науқандар ұйымдастыруға және жүргізуге көмек көрсету	нақталуы на қарай		бюджеті
7	«Петропавл қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	6 адам	Иесіз мүлік ретінде жер телімдерін тексеруге, таңдауға акт жасауға, оларды есепке қоюға көмек; мұрағаттық құжаттарды өңдеу	5000 құжат	12	Петропавл қаласының бюджеті
8	«Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандар жүргізуге қатысу (жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша статистикалық зерттеулер), әлеуметтік қорғауға мұқтаж халықтың әртүрлі санатының деректер базасын жүргізу жөніндегі техникалық жұмыстарға көмек көрсету; мұрағаттық құжаттарды өңдеу; курьер жұмысы	Құжаттардың жиі нақталуы на қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
9	«Петропавл қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Мерейтойлық салтанаттарды, мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды дайындауға қатысу	Құжаттардың жиі нақталуы на қарай	12	Петропавл қаласының бюджеті
10	«Петропавл қаласының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Үй шаруашылығының санағына және шаруашылық кітаптарын жасауға көмек	10132 ауланы аралып шығу	12	Петропавл қаласының бюджеті
11	«Петропавл қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Жылжымайтын тұрғын үй объектілеріне түгендеу жүргізуге және иесіз жылжымайтын объектілерінің есебін реттеуге көмек	1200 тұрғын үй объектісін тексеру	12	Петропавл қаласының бюджеті
12		1 адам	Құжаттарды өңдеуге және сақтауға	300 іс	12	Петропавл қаласының

	«Петропавл қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі		дайындауда көмек көрсету			бюджеті
13	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Петропавл қаласының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Туу туралы куәліктері жоқ балаларды айқындау өткізуге көмек көрсету	14000 құжат	12	Петропавл қаласының бюджеті
14	«Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандар жүргізуге қатысу (жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша статистикалық зерттеулер), әлеуметтік қорғауға мұқтаж халықтың әртүрлі санатының деректер базасын жүргізу жөніндегі техникалық жұмыстарға көмек көрсету	Құжаттардың жиі нақталуына қарай	10	Петропавл қаласының бюджеті
15	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот актілерін орындау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы сот актілерін орындау департаменті» мемлекеттік мекемесі	10 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын жасауға көмек көрсету	Құжаттардың жиі нақталуына қарай	10	Петропавл қаласының бюджеті
16	«Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қорғаныс істер жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі	7 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын жасауға көмек көрсету	Құжаттардың жиі нақталуына қарай	10	Петропавл қаласының бюджеті
17	«Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	2 адам	Құжаттарды өңдеуге сақтауға дайындауға көмек көрсету	3400 құжат	10	Петропавл қаласының бюджеті
	«Қазақстан Республикасы Бас прокуратура					

18	сы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі	3 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын жасауға көмек көрсету	30000 құжат	10	Петропавл қаласының бюджеті
19	Солтүстік Қазақстан облыстық соты	12 адам	Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту және жеделдету мақсатында деректер базасын жасауға көмек көрсету	30000 құжат	10	Петропавл қаласының бюджеті
	Жиынтығы:	333 адам				

Петропавл қаласы әкімдігінің  
2010 жылғы 19 ақпан № 182  
қаулысына 2-қосымша

### Қоғамдық жұмыстарға қамтылған жұмыссыздардың арналған еңбекақы төлемінің мөлшері

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2010.12.03 N 1762 Қаулысымен

№ р/р	Жұмыс түрлері	Бір жұмыссызға еңбекақы төлемінің мөлшері	Жұмыс тәртібі
1	Физикалық жүктемеге байланысты және ашық ауадағы жұмыстар (абаттандыру, қаланы тазалау, жөндеу және құрылыс жұмыстары)	ең төменгі еңбекақы мөлшерінен 1,5	40 сағаттық жұмыс аптасы Жұмыс күні—8 сағат
2	Ғимаратта орындалатын және физикалық жүктемеге байланыссыз жұмыстар	1 ең төменгі еңбекақы мөлшері	40 сағаттық жұмыс аптасы Жұмыс күні – 8 сағат